

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын бақылау мен
қадағалау комитетімен
келісілген
Төраға

2012 жылғы 31.07

«Нұрбанк» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

«Нұрбанк» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімімен
бекітілген
(2012 жылдың 29 мамырындағы №1 хаттама)

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы «Нұрбанк» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы «Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық ережелерін, ұйымдастыру мен жұмыс істеу, қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібін, акционерлер мен үшінші тұлғалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау шарттарын, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен органдарының өкілеттігі мен жауапкершілігін анықтайды.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 20 маусымдағы №136-І Заңына (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң), «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырдағы №415-ІІ Заңына (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң) және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жаңа редакцияда жетілдіріп бекітілген.

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қоғамның атауы

1. Қоғамның толық атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «Нұрбанк» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы «Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы;
 - 2) орыс тілінде: акционерное общество «Накопительный пенсионный фонд «Атамекен» дочерняя организация акционерного общества «Нурбанк»;
 - 3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Accumulative Pension Fund «Atameken», Subsidiary of Joint Stock Company «Nurbank».
2. Қоғамның қысқартылған атауы:
 - 1) мемлекеттік тілде: «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ;
 - 2) орыс тілінде: АО «НПФ «Атамекен»;
 - 3) ағылшын тілінде: JSC «APF «Atameken».

2-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте зейнетақы жарналары мен зейнетақы төлемдерін жұмылдыру бойынша қызметін, сонымен қатар зейнетақы активтерімен инвестициялық басқару бойынша қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.
4. Қоғамның ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының әділет органдарында Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуімен және зейнетақы жарналарын жұмылдыру мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметін жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар болуымен және қызметтің басқа түрлерімен анықталады.
5. Қоғамның меншік түрі – жекеменшік.
6. Қоғам акцияларды бір-біріне қатысты үлестес емес, олардың ішінде үшеуі және одан да көбі ірі акционерлер болып табылатын акционерлері арасында орналастырады. Бұл ретте, Қоғамның бір біріне қатысты үлестес бір акционері немесе акционерлер тобының үлесі Қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санынан жетпіс бес пайыздан кем болады.

7. Қоғамның миноритарлық акционерлерге жататын акциялар үлесінің жиынтығы Қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санынан жиырма бес пайыздан артық болу керек. Бұл ретте, миноритарлық акционердің оның үлестес тұлғаларымен бірлескен үлесі Қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санынан он пайыздан кем құрайтын болады.
8. Қорға «алтын акцияны» жүргізуге тыйым салынады.
9. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғы және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

3-бап. Қоғам мен оның акционерлерінің жауапкершілігі

10. Қоғам өзінің мүлкі шегінде өз міндеттері бойынша жауапты болады.
11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттері бойынша жауапты емес.
12. Қоғам акционері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа, оған жататын акциялар құнының шегінде, Қоғамның қызметімен байланысты шығын тәуекеліне ұшырайды және Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, және Қоғам немесе мемлекет өзіне сондай жауапкершілікті алған жағдайлардан басқа, Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді,

4-бап. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері

14. Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі бойынша уәкілетті органның келісімінсіз өзінің оқшауландырылған бөлімшелерін – Қазақстан Республикасының территориясында филиалдар мен өкілдіктерді ашуға құқылы.
15. Филиалдар мен өкілдіктердің жетекшілері оларға Қоғаммен берілген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.
16. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

5-бап. Жекешелендіру құралдары мен Қоғамның деректемелері

17. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында оның жекеленуіне қажетті корпоративтік мөрге, белгілі мақсаттарға арналған мөрге, мөртабанға, баспабетке, танымбелгіге және өзге деректемелерге ие болады.
18. Қоғамның деректемелері мемлекеттік және орыс тілдері болып табылатын, Қоғамның бір немесе одан да көп жұмыс тілдерін пайдаланумен жасалады.

6-бап. Қоғам қызметінің мерзімі

Қоғам қызметінің мерзімі шексіз.

7-бап. Басқарманың орналасқан жері

Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 90.

II тарау. Қоғамның қызметі

8-бап. Қоғам қызметінің түрі

19. Қоғам қызметінің мақсаты оның заңдық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде табыс алуы болып табылады.
20. Қоғамның қызмет түрлері:
 - 1) жеке және заңды тұлғалардан міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын жұмылдыру;
 - 2) зейнетақы төлемдері;
 - 3) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару.
21. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Қоғам қызметкерлерінің кәсіптік даярлығын, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға құқылы.
22. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттарда, бағалы қағаздар нарығында кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға құқылы.
23. Қоғамның бағалы қағаздар нарығында жоғарыда көсетілген бір немесе бірнеше үйлесімді кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.
24. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.
25. Қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін уәкілетті органның (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) қажет болған жағдайда, Қоғам бұл қызмет түрін оған сәйкес және сәйкес белгіленген рұқсаты (лицензия, сертификат) тәртібінде алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

III тарау. Қоғамның мүлкі мен капиталы

9-бап. Мүлік

26. Қоғамның мүлкі оған меншік құқығында ие болады.
27. Қоғамның мүлкі
 - 1) акцияларды орналастыру кезінде төлеу;
 - 2) қызмет нәтижесінде алынған табыстар;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негізде иеленген өзге мүлкі есебінен құрылады.

10-бап. Жарғылық, меншікті және сақтық қор капиталы

28. Жарғылық капитал Қоғамның қызметін қамсыздандыру үшін құрылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды орналастыру кезінде акцияларды төлеу арқылы қалыптасады.
29. Қоғамның жарғылық капиталын көбейту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асады.
30. Қоғам оның қарауында қалған таза табыс есебінен, Қоғамның жалпы мұқтаждықтарына қажетті Қоғамның сақтық қор капиталын және басқа қорларды құруға құқылы.
31. Меншікті капиталын, активтер құнын, активтер бойынша сақтық қор (провизия)

мөлшерін есептеу әдістемесі Қоғамның уәкілетті органымен анықталады.

11-бап. Қоғамның жарғылық капитал мөлшерін өзгерту

32. Жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту Қоғамның жарғылық капиталын көбейту жолымен іске асады.
33. Қоғамның жарғылық капиталын көбейту Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша қосымша акцияларды жарыққа шығару жолымен, егер өзгелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленбеген жағдайда, барлық аталған акцияларды орналастыру мен төленгеннен кейін ғана рұқсат етіледі.
34. Қоғамның жарғылық капиталын көбейту оған келтірілген залалдарды жасыру үшін рұқсат етілмейді.

12-бап. Қоғамның акциялары

35. Акция Қоғам шығаратын және оның түрі мен санатына тәуелді акционерлердің келесі құқықтарын куәландыратын бағалы қағаз:
 - 1) Акционерлік қоғамдар туралы заңмен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамның басқаруына қатысуға;
 - 2) дивидендтерді алуға;
 - 3) Қоғам таратылған жағдайда, қалған мүлкінің бір бөлігін алуға.
36. Қоғам өз акцияларын құжаттамасыз түрде шығарады. Акциялар иелерінің тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қордың тіркеушісімен жүзеге асырылады.
37. Акция бөлінбейді. Бір акция жалпы меншік құқығында бірнеше акционерлердің иелігінде болған жағдайда, олардың барлығы Қоғамға қатысты бір акционер болып танылады және өз құқықтарын акциямен куәландырылған жалпы өкілі арқылы жүзеге асырады.
38. Жай акция акционерге дауысқа салынған барлық мәселелерді шешу кезінде Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығымен қатысу, Қоғамды таза табыс болған жағдайда дивидендтерді алу, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда қалған мүлкінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте алу құқығын ұсынады.

13-бап. Қоғамның зейнетақы активтері

39. Қоғамның зейнетақы активтері Қоғамның комиссиялық сияқысын санамағанда, зейнетақы жарналары, инвестициялық табысы, өсімақы және залалдарды өтеу ретінде түскен қаражаттары есебінен қалыптасады.
40. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне және (немесе) уәкілетті органға зейнетақы активтері мен меншікті қаражаттары бойынша бастапқы статистикалық деректері мен қаржы есептемесін бөлек ұсынады және бухгалтерлік есеп жүргізеді.
41. Қоғамның зейнетақы активтері келесі мақсаттарға ғана пайдалануы мүмкін:
 - 1) тізбесі уәкілетті органмен анықталатын, қаржы құралдарына енгізу;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру;

- 3) зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына зейнетақы аннуитет шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте аудару;
- 4) қателесіп аударған зейнетақы жарналары мен өзге де қателесіп аударған ақшаны қайтару;
- 5) жинақтаушы зейнетақы қорына комиссиялық сыйақыны Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңмен белгіленген жағдайда және мөлшерде төлеу.

14-бап. Қоғамның акцияларын орналастыру мен олардың өтеуін төлеу шарттары

42. Қоғаммен шығарылған акциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген тәртіпте және орналасу бағасы бойынша аукцион арқылы заңды тұлғалар арасында орналастырылады.
43. Қоғамға сатып алған акцияның құнын толықтай төлемеген тұлға, Қоғам акционері болып танылмайды.
44. Толықтай төленбеген акциялар және Қоғам өтеуін төлеген акциялар дауыс құқығына иеленбейді және олар бойынша дивидендтер төленбейді.
45. Орналасқан акцияларды Қоғаммен сатып алу Акционерлік қоғамдар туралы заңымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.
46. Қоғам оның иелігіндегі акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шектеу есебімен, Акционерлік қоғамдар туралы заңына және осы Жарғыға қайшы келмейтін, оларды кейін сату немесе өзге мақсаттарда, акционерден (оның рұқсатымен) сатып ала алады. Осы уақыт ағымында, Акционерлердің жалпы жиналысында таза табысты үлестіру, дауыс беру мен кворумды анықтау Қоғаммен сатып алынған акцияларды есептеусіз жүргізіледі.
47. Қоғаммен орналасқан акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алу, егер өзгелері Акционерлік қоғамдар туралы заңмен белгіленбеген жағдайда, Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асады. Егер орналасқан акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алу мөлшері оның жалпы мөлшерінен бір пайызға асқан жағдайда, Қоғам өз акционерлеріне осындай сатып алу туралы олардың сатып алатын акцияларының түрлері, мөлшері, бағасы, мерзімі және олардың ақысын өтеу шарттары туралы мәліметтерді көрсетумен, баспасөз басылымында хабарландыру жариялау жолымен хабарлайды.

IV тарау. Қоғам акционерлері. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

15-бап. Қоғам акционерлері

48. Қоғам акционерлері заңды тұлғалар болып табылады.
49. Қоғам акционерлерінің саны мен құрамы, өзгелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылмаған жағдайда, шектелмейді.

16-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары

50. Қоғам акционерлері құқылы:

- 1) Акционерлік қоғамдар туралы заңымен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғам басқаруына қатысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен анықталған тәртіпте, Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;
 - 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
 - 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде дауласуға;
 - 7) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес немесе одан да көп пайыздармен дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иелену кезінде, оларды жүзеге асыру кезде қызығушылық танытқанда, мәмілелер және (немесе) ірі мәмілелер жасау туралы (жасауға ұсыныстар) шешімдерді қабылдау нәтижесінде олармен алынған табысты (кірісті) олардың қосылған тұлғалармен және (немесе) Қордың лауазымды тұлғалармен Қорға орнын өтеу туралы талаптармен, Акционерлік қоғам туралы заңының 63 және 74-баптарымен қарастырылған жағдайларда, сот органдарына өз атынан үндеуге;
 - 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Акционерлік қоғамдар туралы заңымен белгіленген тәртіпте, Қоғамның акцияларын артықшылықпен сатып алуға.
51. Сонымен қатар, Қоғамның ірі акционері құқылы:
- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
 - 2) Директорлар кеңесіне Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
 - 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымымен Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге.

17-бап. Қоғам акционерлерінің міндеттері

52. Қоғам акционері міндетті:
- 1) акцияларды төлеуге;
 - 2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
 - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Акционерлік қоғамдар туралы заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.
53. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылатын акционерлері міндетті:

- 1) Қоғамға қосылу пайда болған күннен бастап 7 күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсыну;
- 2) уәкілетті органның талабы бойынша құрылтай құжаттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қоғамның ірі қатысушыларын анықтауға қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға.

18-бап. Акцияларды басыбайлы беруге құқығы. Қоғамның акцияларымен мәміле жасау

54. Акционерлер оларға тиісті акцияларды басқа акционерлердің рұқсатынсыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, басыбайлы беруге құқығы бар.
55. Қоғам өз акцияларының сатуын қалаған акционерге, акционермен ұсынылған құнын асыратын бағасы бойынша Қоғаммен немесе үшінші тұлғамен сатып алуы туралы ұсыныс жасауға құқығы бар. Акцияларды осындай жағдайда үшінші тұлға иеленсе, акцияны сатып алу туралы ұсынысында акциялардың саны, бағасы мен сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтері болуы қажет.

19-бап. Акциялар бойынша дивидендтер

56. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтері оның акционерлеріне жыл сайын, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының жылдық шешімі бойынша тек таза табысы есебінен, Акционерлік қоғамдар туралы заңына, осы Жарғыға және акциялар шығарылым проспектісіне сәйкес төленеді.
57. Дивидендтерді жай акциялар бойынша төлеу дүркінділігі акциялар шығарылым проспектісіне сәйкес анықталады.
58. Қоғамның бір жай атаулы акцияға есеп айырысудың түпкілікті дивиденд мөлшері Қоғам Басқармасының ұсынысы бойынша Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен анықталады. Дивиденд мөлшері Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысымен кемуі мүмкін, бірақ Қоғам Басқармасымен ұсынылған мөлшерден артық бола алмайды.
59. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлер тізімі Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес, дивидендтерді бастапқы төлеу күніне сай күнге құрылады.
60. Қоғам қызметкерлер арасында үлестіру үшін бюджетке салықты және өзге де міндетті, соның ішінде ақшалай сыйақы мен акциялар түріндегі төлемдерді төлегеннен кейін таза табыстың белгіленген пайызын шығаруға құқылы.
61. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу акционерлік қоғам туралы Заңымен белгіленген жағдайларда жүргізілмейді.
62. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылданған күнінен он жұмыс күні ішінде ол шешім өзінің корпоративті веб-сайтында жариялаумен, бұқаралық ақпарат құралында жариялануы қажет.
63. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімі Акционерлік қоғамдар туралы заңымен белгіленген мәліметтерді ұстануы қажет.

V тарау. Қоғамның органдары

20-бап. Қоғамның органдары

64. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма Төрағасымен басқарылатын, Басқарма;
- 4) ішкі аудит қызметі.

21-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

65. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналыстары, жылдығынан басқалары, кезектен тыс болып табылады.
66. Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылының аяқталуына дейін бес ай ішінде жүргізіледі. Көрсетілген мерзім есепті кезең ішінде Қоғам қызметінің аудитін аяқталуы мүмкін болмаған жағдайда, үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі
67. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржы есептемесі бекітіледі, өткен қаржы жылына Қоғамның таза табысын үлестіру тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясы есеп айырысуында дивиденд мөлшері белгіленеді, және акционерлердің Қоғам әрекетіне айналысы туралы мәселесі мен оның лауазымды тұлғалары мен оларды қарастыру қорытындысы қарастырылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Акционерлік қоғам туралы заңы мен осы Жарғымен сәйкес, Акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне шешімдерді қабылдау жататын басқа да мәселелерін қарастыруға құқылы.

22-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы құзыреті

68. Акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне келесі мәселелер кіреді:
- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 1-1) корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ оның өзгерістері мен толықтыруларын бекіту;
 - 2) Қоғамның ерікті қайта ұйымдастыруы мен таратуы;
 - 3) Қоғамның жарияланған акциялар санының көбеюі немесе Қоғамның жарияланбаған акциялар түрінің өзгеруі туралы шешімін қабылдау;
 - 3-1) орналасқан акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешімін қабылдау, осындай айырбастаудың тәртібі мен шарттарын анықтау;
 - 4) санақ комиссияның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату;
 - 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін төленетін шығындар өтемақысы мен сыйақылардың мөлшерін және оны төлеудің шарттарын белгілеу;
 - 6) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 7) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 8) есеп берілетін қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын үлестірудің тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;
 - 9) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

- 9-1) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтығында жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу немесе Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға қатысу немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 11) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлеріне хабар беруінің түрін белгілеу және ондай хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында орнықтыру туралы шешім қабылдау;
 - 12) Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес Қоғам ұйымдаспаған нарықта акцияларды сатып алатын кезде олардың құнын белгілеу Әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
 - 13) акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 14) шешім қабылдау Акционерлік қоғамдар туралы заңымен және Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер.
69. Осы Жарғының 68 тармағының 1)-3) және 12) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлер жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының айқын басым көпшілігімен қабылданады.
 70. Акционерлік қоғамдар туралы заңында және (немесе) нақты Жарғыда өзгесі белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелері бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
 71. Тек Акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне жататын шешімдерді қабылдау мәселелерін басқа органдардың құзыретіне, Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына, егер өзгесі Акционерлік қоғамдар туралы заңымен және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өзге заңнамалық актілерімен қарастырылмаған жағдайда, тапсыруға рұқсат етілмейді.
 72. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне кіретін мәселелері бойынша өзге қоғам органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

23-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру мен дайындау тәртібі

73. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесімен шақырылады, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғам Директорлары кеңесінің бастамасымен және (немесе) ірі акционердің бастамасымен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен анықталған өзге жағдайларда шақырылады.
74. Акционерлерге Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын жүргізу туралы хабарлама Акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу туралы жазбаша хабарлама жіберу жолымен жүзеге асырылады.
75. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру мен дайындауын Қоғам Басқармасы және (немесе) Директорлар кеңесі жүзеге асырады.
76. Ірі акционердің бастамасымен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру мен дайындау ерекшеліктері Акционерлік қоғамдар туралы заңымен анықталады.
77. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін талқылауға шығарылатын нақты құрастырылған сұрақтармен Директорлар кеңесі қалыптастырады. Күн тәртібі

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғам акцияларының жалпы дауыс беретін санынан көпшілік дауыспен бекітіледі.

78. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлік қоғамдар туралы заңымен белгіленген тәртіпте өзгеруі (немесе) толықтыруы мүмкін.

79. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдары акционерлерге танысу үшін, жиналысты өткізу күніне дейін он күннен кешіктірмей, ал акционердің өтініші болған жағдайда – өтінішті алған күнінен оған үш жұмыс күні ішінде жолдап, Қоғамның атқарушы органның орналасқан жері бойынша дайын және қол жетерліктей болуы қажет.

24-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

80. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес, Қоғам акционерлерінің тізімін құрастыру күніне дайын және Қоғам тіркеушісімен ұсынылған, Қоғам акционерлерінің тізіміне сондай болып кірген акционерлер қатысып дауыс бере алады.

81. Қоғамның әр акционері, өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленбеген жағдайда, «бір акция – бір дауыс» ұстанамы бойынша дауыс беруге құқығы бар.

82. Әр акционер Акционерлердің жалпы жиналысында өзі немесе нотариалды куәландырылған сенімхаты бар өкілі арқылы қатысуға құқылы. Заңдық тұлғаның өкілдері Акционерлердің жалпы жиналысында оларға берілген сенімхаты негізінде қатысады. Заңнамаға немесе шартқа сәйкес сенімхатсыз оның мүдделерін ұсынуға немесе акционердің атынан әрекет етуге құқығы бар тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу сенімхаты қажет емес. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қоғамның Жалпы орналастырылған (дауыс беретін) акцияларынан дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін, пайдаланылатын, басқаратын акционердің ірі қатысушысы мәртебесіне немесе өзге мәртебесіне ие болуын қабыл алған жағдайлар қарастырылса, онда Қоғам акцияларының он және одан да көп пайыз жиынтық акциялар пакетін құратын ірі акционер және (немесе) акционерлер өкілі сенімхатта көрсетілген акционер (акционерлер) шешіміне сәйкес, Жалпы жиналыстың әр мәселесі бойынша акционердің (акционерлердің) жазбаша нұсқаулығы болған жағдайда ғана Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы. Қоғам акцияларының он пайыздан кем жиынтық пакет акцияларын құраған акционер өкілі, және (немесе) Қоғам акцияларының он пайыздан кем жиынтық пакет акцияларын құраған акционер Жалпы жиналыстың әр сұрағы бойынша шешім сенімхатында жазбаша нұсқаусыз акционердің (акционерлердің) мүдделеріне өкілдік етуге құқылы.

83. Қоғамның Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде шығуға құқылы емес. Қоғам қызметкерлері Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде шығуға құқылы емес, ондай өкілеттік Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулықтарын ұстанатын сенімхатында негізделген жағдайлардан басқалары.

84. Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен жүргізуіне қатысқан Қоғамның шақырылған тұлғалары, лауазымды тұлғалары мен өзге қызметкерлері қатыса және шыға алады.

85. Кепілдіктегі акциялар бойынша дауыс беру кепіл шартының талаптарына сәйкес іске

- асады.
86. Дауыс берудің қорытындысы бойынша, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыстар санауды жүзеге асыратын өкілетті есеп комиссиясы немесе тұлға дауыс берудің қорытындысы бойынша хаттама жасайды және қол қояды. Дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама жасағаннан және Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасына қол қойғаннан кейін, дауыс беруге арналған бюллетендер басып шығарылады және Қоғам мұрағатына сақтауға өткізіледі.
 87. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға тіркеудің аяқталу сәтіне Қоғамның жиынтықта елу немесе одан да көп дауыс беретін (акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтіне дауыс беру құқығы бар) акцияларына ие болатын, соның ішінде сырттай дауыс беретін (немесе осындай акционерлердің өкілдері) акционерлер тіркелсе, шешімдерді қабылдауға құқылы.
 88. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерді ашық немесе жасырын дауыс беру жолымен қабылдайды.
 89. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағаның, Акционерлердің жалпы жиналысы хатшысының, хаттаманың дұрыс жасауын куәландыратын акционерлер өкілдерінің, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысында дауыстар санауды жүзеге асыратын өкілетті есеп комиссиясы мүшелерінің немесе тұлғаның сайлауын жүргізеді.
 90. Қоғам Басқармасының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
 91. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты.
 92. Акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне жататын мәселелері бойынша шешімдер дауыс беруге қатысатын Қоғам акцияларының дауыс беретін жалпы санынан жай дауыстың көпшілігімен қабылданады, Акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне жататын мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға Акционерлік қоғам туралы заңымен және осы Жарғымен дауыстардың көпшілік саны қарастырылған жағдайлардан басқалары.
 93. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен келіспеген жағдайда, акционер талап етуге құқылы, ал хатшылар осы акционердің ерекше пікірін хаттамаға енгізуге міндетті.
 94. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысын жапқаннан кейін жұмыс үш күннен кешіктірмей жасалады және мазмұнында:
 - 1) Қоғамның толық атауы мен Қоғам Басқармасының орналасқан жері;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, орны мен уақыты;
 - 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акциялардың саны туралы мәліметтер;
 - 4) Акционерлердің жалпы жиналыс кворумы;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
 - 7) Акционерлердің жалпы жиналыс төрағасы мен хатшысына нұсқау;
 - 8) дауыс беруге қойылған Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің әр мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
 - 9) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз сөйлеуі;
 - 10) дауыс беруге қойылатын мәселелер, олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
 - 11) Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер болуы қажет.

95. Акционерлердің жалпы жиналыс хаттамасы қол қоюға жатады:
- 1) Акционерлердің жалпы жиналыс төрағасымен және хатшысымен;
 - 2) есеп комиссияның мүшелерімен;
 - 3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайыздарын иеленетін және Акционерлердің жалпы жиналысында қатысқан акционерлермен.
96. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттама оған берілген сенімхаттың негізінде оның өкілімен, Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе шарты негізінде акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделеріне өкілдік етуге құқығы бар тұлғалармен қол қойылады.

25-бап. Шешімдерді Акционерлердің жалпы жиналысымен сырттай дауыс беру арқылы қабылдау

97. Акционерлер жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.
98. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс беруді өткізу кезінде, дауыс беруге арналған бюллетендер акционерлердің тізіміне кірген тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізетін мерзімге дейін қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.
99. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде күн тәртібі бойынша шешімдерді қабылдауға арналған бірыңғай нысандағы бюллетендер қолданылуы тиіс. Дауыс беруге арналған бюллетень мазмұнында
- 1) Қоғамның толық атауы мен Қоғам Басқармасының орналасқан жері;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақырған бастаушы туралы мәліметтер;
 - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді ұсынудың соңғы күні;
 - 4) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды есептеу күні немесе Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру кезіндегі жүргізу күні;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
 - 7) «қарсы емес», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен көрсетілген, дауысқа салынған әр мәселелері бойынша дауыс беру нұсқалары;
 - 8) күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібін мәлімдеуі;
100. Бюллетень акционердің, акционер жетекшісінің, заңды тұлға немесе оны ауыстыратын тұлғаның қолысыз, сондай-ақ заңды тұлға – акционердің мөрісіз жарамсыз болып есептеледі.
101. Дауыс беру кезінде Қоғаммен Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтінде немесе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналыс отырысын өткізусіз қабылданған шешімдер кезіндегі дауыстарды санау күніне алған бюллетендер ғана пайдалануы мүмкін.
102. Сырттай дауыс беру түрінде қабылданған шешімдер Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуге қажетті кворумды сақтаған кезінде жарамды болады.
103. Сырттай дауыс берудің нәтижелері Акционерлерінің жалпы жиналысын жабудан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде әр акционерге жазбаша хабарламаны бағыттау жолымен акционерлердің назарына жеткізіледі.

26-бап. Директорлар кеңесі

104. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің жалпы жетекшілігін жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы болып табылады.
105. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау дауыс беруге арналған бюллетендерді пайдаланумен акционерлердің кумулятивті дауыс берумен жүргізіледі. Кумулятивті дауыс беруге арналған бюллетендерге «қарсы» және «қалыс қалды» дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.
106. Акционер оның иелігіндегі акциялары бойынша дауыстарды толықтай бір кандидатқа беруге немесе Директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында үлестіруге құқылы. Директорлар кеңесіне дауыстардың көпшілік санын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі. Директорлар кеңесі мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидаттар тең дауыс жинаса, осы кандидаттарға байланысты тең дауыс жинаған кандидаттарды көрсетумен кумулятивті дауыс беру бюллетендерін акционерлерге ұсыну жолымен қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі.
107. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелігінің өкілеттік мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі осы Жарғымен және Акционерлік қоғам туралы заңымен карастырылған тәртіпте, Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлауында Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады.
108. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы. Оның бастамасы бойынша Директорлар кеңесі мүшелігінің өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабарландыру негізінде жүзеге асады. Директорлар кеңесінің осындай өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтатылады.
109. Директорлар кеңесінің мүшелері жеке тұлға – акционерлердің; акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардың; акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған және Қоғам акционері болып табылмайтын жеке тұлғалардың санынан сайланады.
110. Қоғамның Директорлар кеңесі үш мүшелерден тұрады, оның бірі тәуелсіз директор болып табылады.
111. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері уәкілетті органның келісімімен қызметке тағайындалады (сайланады). Директорлар кеңесі мүшесінің сәйкестігі осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарда, уәкілетті органмен бекітіледі.
112. Басқарма мүшелері, Басқарма Төрағасынан басқалары, Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды.
113. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындала (сайлана) алмайтын тұлғалар:
 - 1) жоғары білімі жоқ;
 - 2) тізімі уәкілетті органмен белгіленетін, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының 40-бап 4-тармағымен белгіленген халықаралық қаржы ұйымдарында және (немесе), қаржы ұйымдарында аудит жүргізу бойынша қызметі және (немесе) қаржы қызметін реттеу және (немесе) ұсыну саласында жұмыс өтілі жоқ;
 - 3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

- 4) бұрын директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, бас бухгалтер, ірі қатысушы – жеке тұлға, қаржы ұйымының лицензиясын айыру туралы, оның акцияларын мәжбүрлі сатып алу, қаржы ұйымының консервациясы туралы шешімін уәкілетті органмен қабылдағанға дейін бір жылдан асырмаған мерзімде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қаржы ұйымының мәжбүрлі түрде таратуы немесе банкротқа ұшырауын мойындау туралы қаржы ұйымының заңды тұлғасы – ірі қатысушының бірінші басшысы болғандар. Көрсетілген талаптар уәкілетті органмен қаржы ұйымының консервациясы туралы, оның акцияларын мәжбүрлі сатып алу туралы, қаржы ұйымының лицензиясын айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қаржы ұйымының мәжбүрлі түрде таратуы немесе банкротқа ұшырауын мойындау туралы шешімдерін қабыл алғаннан кейін бес жыл ішінде қолданылады;
- 5) өзге қаржы ұйымында жетекші қызметкердің лауазымына осы тұлғаның болған мерзімде жетекші қызметкердің лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін бермегендер. Көрсетілген талап жетекші қызметкердің лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімінен бас тарту туралы шешімін уәкілетті органмен қабылдағаннан кейін соңғы жүйелі он екі ай ішінде қолданылады.
114. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен оның мүшелерінің санынан ашық дауыс берумен сайланады.
115. Төраға Қоғам Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етеді.
116. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасы немесе Басқармасы бастамасымен, не болмаса Директорлар кеңесі мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің, Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның, ірі Акционерлік қоғамының талаптары бойынша шақырылады.
117. Отырысты өткізу туралы хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстың күн тәртібі мен орнын, уақытын, күнін көрсетумен жазбаша түрінде отырыстың шақырғанына дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жолданады.
118. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасын немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаны Директорлар кеңесінің отырысында оның қатыса алмауы туралы алдын ала хабарлауы міндетті.
119. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын өткізуге арналған кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауы керек.
120. Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдау сәтінде Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен, отырысты өткізу орнында болмағанда, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында Директорлар кеңесі мүшесінің отырысты өткізу орнында болмағанын бір мезгілде ұқсатуына рұқсат берсе, телефон немесе өзге байланыс жолы арқылы шешімді қабылдауда және мәселелерді талқылауда қатысқаны жайлы нұсқаулық болуы қажет. Бұл жағдайда, Директорлар кеңесінің осы Мүшесі Директорлар кеңесі отырысының өткізілген күнінен екі айдан кешіктірмеген мерзімде, пошталық байланыс құралын пайдалану жолымен қабылданған шешім бойынша оның дауыс беруінің қорытындыларын дәлелдейтін жазбаша құжатты Қоғамның корпоративті хатшысына жолдауы немесе беруі қажет. Осымен, осы жазбаша құжаттың көшірмесі отырысты өткізу күнінен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Қоғамның корпоративті хатшысына электрондық немесе факсимильдік байланысын пайдалану жолымен Қоғамның директорлар кеңесі мүшесімен жолдануы

кажет.

121. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдері сауал тәртібінде (сырттай дауыс беру) шешімдерді қабылдау кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан, не болмаса Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік қолдары болуы кезінде, Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының (ішкі отырыс өткізу кезінде немесе отырысты өткізусіз) немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші тұлғалардың (ішкі отырыс өткізу кезінде) дауыстары шешуші болады.
122. Отырыста қабылданған, ішкі тәртіпте жүргізілген Директорлар кеңесінің шешімдері отырыс өткізілген күннен үш жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен хатталады.
Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы келесі ақпаратты енгізеді:
 - 1) Қоғамның толық атауы мен Қоғам Басқармасының орналасқан орнын;
 - 2) Директорлар кеңесі отырысының өткізілу күнін, уақыты мен орнын;
 - 3) Директорлар кеңесі отырысында қатысқан тұлғалар туралы мәліметтерін;
 - 4) отырыс күнінің тәртібін;
 - 5) дауыс беруге қойылған сұрақтар, және олар бойынша дауыс берудің қорытындысын;
 - 6) Директорлар кеңесі отырысында қабылданған шешімдерін;
 - 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтерін.
123. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы Директорлар кеңесінің Басқармасымен, не болмаса отырыста төрағалық етушімен және отырыс хатшысымен қол қойылады.
124. Қоғам Директорлар кеңесінің отырысында шығарылған мәселелері бойынша шешімдер сауалдама жолымен (сырттай дауыс беру) қабылдануы мүмкін. Директорлар кеңесінің сауалдама тәртібінде қабылданған шешімі жазбаша түрде (Директорлар кеңесінің шешімі) жасалады және шешімді қабылдауға жеткілікті мөлшерде Директорлар кеңесі мүшелерінің қолдары болуымен жарамдылығы мойындалады.
125. Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдер Қоғам мұрағатында сақталады және Қоғамның уәкілетті тұлғасының қолымен және мөрдің баспа-таңбасымен расталған шешім көшірмесін немесе хаттамадан көшірмелерді беру жолымен және (немесе) таныстыру үшін Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің талабы бойынша отырыстың хатшысымен ұсынылады.
126. Директорлар кеңесі оның құзыретіне жататын ерекше маңызды мәселелерді қарастыру үшін Директорлар кеңесі мүшелерінен тұратын бір немесе бірнеше комитеттерді сайлауға құқылы. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі мен құрастыру тәртібі Қоғамның корпоративті басқару кодексі мен Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

27-бап. Директорлар кеңесінің құзыреті

127. Директорлар кеңесі қоғам қызметінің жалпы жетекшілігін іске асырады, акционерлердің жалпы жиналысы айрықша құзыретіне осы Жарғымен және (немесе) Акционерлік қоғам туралы заңына жатқызылатын мәселелерді шешуден басқалары.
128. Өзгесі Акционерлік қоғамдар туралы заңымен және (немесе) осы Жарғымен

белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам қызметінің басты бағыттары мен даму стратегиясын немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда Қоғам дамуы жоспарының бекітуін анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), сонымен қатар жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, орналастырудың (сатудың) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы және оларды сатып алудың бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 5-1) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 6) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғалар) сайлау және мерзімнен бұрын олардың өкілеттіктерін тоқтату;
- 7) атқарушы орган (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғалар) басшысының және мүшелерінің қызметтік айлығының мөлшерін, оларға еңбекақы және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 8) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 8-1) корпоративті хатшының өкілеттік мерзімін белгілеу, айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ қызметтік айлығының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 9) аудиторлық ұйымның қаржы есептемесінің аудиті үшін, сондай-ақ ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;
- 10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органмен қабылданатын құжаттардан басқа), сонымен қатар аукциондарды және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылуды өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 11) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 12) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы (айыру) шешімдерін қабылдау;
- 12-1) Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 13) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

